



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**Кәсіпорындарға мониторинг: дайын өнімнің, шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны баяулады**

**2024 жылдың III тоқсанында кәсіпорындарға жүргізілген мониторингтің нәтижесі туралы  
ҚР ҰБ АКСД директоры Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі**

Астана қ.

2024 жыл, 14 қараша

2024 жылдың III тоқсанында кәсіпорындарға жүргізілген мониторингтің нәтижесі бойынша дайын өнімнің, шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны баяулады.

Кәсіпорындарда өнім бағасының өсу қарқыны баяулап, диффузиялық индекс (ДИ) көрсеткіші 56,9 болды (2024 жылғы II тоқсанда – 57,8). Кәсіпорындардың дайын өніміне деген сұраныс біршама төмендеп, өсу аймағында қалды, ДИ 50,7 (51,1) болды.

Жалпы экономикада сатылымның орташа рентабельділігі (пайызды, салықты және амортизацияны төлеудегі шығысты шегергенге дейін) 24,3%-ға дейін (23,8%) ұлғайып, орташа тарихи нормадан жоғары қалыптасты.

Кәсіпорындар бизнес жүргізудегі басты кедергілерді де атап өтті. Ол, әдеттегідей, экономиканың жай-күйі (28,8%), салық деңгейі (28,5%) және нарықтағы бәсекелестік (29,4%). Өзге кедергілер арасында білікті кадрлардың тапшылығы (26,8%), сатып алушыларды іздестіру (24,5%), лицензия/рұқсат алудағы қиындық (17,0%), дебиторлық берешекті қайтарудағы қиындық (14,2%). Маңыздылығы жағынан қаржыландыруға қолжетімділік 9-орында (13,8%) тұр.

Нақты сектор кәсіпорындарында жүргізілген сауалнаманы біріктіріп бағалауды білдіретін композиттік озыңқы индикатор (КОИ) нақты секторда экономикалық белсенділік біршама жақсарғанын көрсетті. КОИ 100,3-ке дейін өсті.

III тоқсанда сауалнамаға 3 438 кәсіпорын қатысты.

**Толығырақ: [nationalbank.kz/kz/page/konyunktornyiy-obzor-rezultaty](https://nationalbank.kz/kz/page/konyunktornyiy-obzor-rezultaty)**

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)